

physical education teachers, taking into account the gender characteristics of students]. Pavlodar, 2020, 149 p. (In Russian)

14 **Kazakstan Respublikasynyn dene shynykytyru men sport salasyn damytudyn 2023 – 2029 zhyldarga arналған tuzhirimdamasin bekitu turaly** [On approval of the Concept for the Development of Physical Culture and Sports in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylygy, 28 nauryzdagi № 251 kaulysy. (In Kazakh)

15 **Zhumasheva S.S., Sagidullayev M.R. Dene shynykytyru mugaliminin pedagogikalyk kuziretiligin kalypastyru problemalari** [Problems of forming pedagogical competence of a physical education teacher]. *QazUU khabarshysy. «Pedagogikalyk gylymdar» seriyasy*, 2012, no. 2 (36), pp. 24-29. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәліметтер:

Қабылбек Айбек Болатбекұлы* – докторант, Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ., Кутузов көш. 89/2, тел. 87476546934, e-mail: qabylbek.ab980303@students.tou.edu.kz.

Ксембаева Сәуле Камалиденқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ., Ломов көш., 64, тел. 870142378995, e-mail: Ksembayeva.s@teachers.tou.edu.kz.

Бообекова Қадиян Сансакеевна – PhD, Қырғыз-Түрік Манас университеті, Қырғызстан Республикасы, 720031, Бішкек қ., Ч.Айтматов көш. 56 тел 0312 492765/725, e-mail: kboobekova@gmail.com.

Темірғалиева Самал Ермұхамбетқызы – дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы, Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, 140000 Павлодар қ., Бекхожин көш, 9, тел. 87014084123, e-mail: samal-t81@mail.ru.

Қабылбек Айбек Болатбекұлы* – докторант, Торайғыров университет, Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Кутузова 89/2, тел.: 87476546934, e-mail: qabylbek.ab980303@students.tou.edu.kz.

Ксембаева Сауле Камалиденқызы – кандидат педагогических наук, профессор, Торайғыров университет, Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Ломова 64, тел.: 870142378995, e-mail: Ksembayeva.s@teachers.tou.edu.kz.

Бообекова Кадиян Сансакеевна – доктор PhD, Кыргызско-Турецкий университет Манас, Республика Кыргызстан, 720031, г. Бишкек, ул. Ч. Айтматов 56, тел.: 0312 492765 / 725, e-mail: kboobekova@gmail.com.

Темирғалиева Самал Ермұхамбетовна – старший преподаватель кафедры физической культуры и спорта, Торайғыров университет, Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Бекхожина 9, тел.: 87014084123, e-mail: samal-t81@mail.ru.

Kabylbek Aibek Bolatbekuly* – PhD student, Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, 140000, Pavlodar, 89/2 Kutuzov Str., tel.: 87476546934, e-mail: qabylbek.ab980303@students.tou.edu.kz.

Ksembayeva Saule Kamalidenkyzy – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, 140000, Pavlodar, 64 Lomov Str., tel. 870142378995, e-mail: Ksembayeva.s@teachers.tou.edu.kz.

Boobekova Kadiyan Sansakeyevna – PhD, Kyrgyz-Turkish Manas University, Kyrgyz Republic, 720031, Bishkek, 56 Ch. Aitmatov Str., tel.: 0312 492765/725, e-mail: kboobekova@gmail.com.

Temirgaliyeva Samal Yermukhambetovna – Senior Lecturer, Department of physical culture and sports, Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, 140000, Pavlodar, 9 Bekkhozhin Str., tel.: 87014084123, e-mail: samal-t81@mail.ru.

XFTAP 14.35.07

ӨОЖ 378

<https://doi.org/10.52269/KGTD2532219>

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ МАГИСТРАНТТАРЫНЫҢ БОЛЖАМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ТУРАЛЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қасымбекова Н.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Бапанова Г.Қ. – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Дуйсекеева Н.Ж. – PhD, аға оқытушы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы.

Қасаболат А.Ж.* – PhD, дизайн және инженерлік графика кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Қоғамдағы жылдам өзгерістер педагогика және психология білім беру бағдарламасы магистранттарының күтпеген жағдайларға бейімделу және алдын ала тиімді шешім қабылдау қабілетін талап етеді. Осыған байланысты олардың болжам жасауға негізделген құзыреттілігін қалыптастыру – білім беру саласындағы басымдықтардың бірі. Бұл зерттеудің өзектілігі де болашақ мамандарды осындай қабілеттермен қаруландыру, олардың кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету қажеттілігінде жатыр. Зерттеудің негізгі мақсаты – магистранттардың болжамдық құзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау болып табылады. Зерттеу міндеттеріне отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерді салыстырмалы талдау, олардың қолданбалы тиімділігін бағалау кіреді. Зерттеу барысында болжамдық құзыреттілікке қатысты тұжырымдамалар негізгі материал ретінде пайдаланылды. Әдістемелік негізіне әдебиеттерге шолу жасау, жобалық оқыту технологияларын қолдану, жүргізілген тәжірибелік жұмыстар нәтижелерін диагностикалау енді. Зерттеу жұмысы теориялық жағынан болжамдық құзыреттілік ұғымының аясын кеңейту бағытында әдіснамалық бағыт ұсынады. Ал практикалық тұрғыдан алғанда, магистранттарды даярлау бағдарламаларын жетілдіруге, оқыту мазмұнын нақтылау мен білім беру әдістерін тиімді ұйымдастыруға септігін тигізеді. Зерттеу нәтижелері оқу үрдісін жаңғыртуға, болашақ мамандарды заманауи талаптарға сай даярлауға негіз бола алады.

Түйінді сөздер: болжамдық құзыреттілік, магистрант, педагогикалық жоба, рефлексия, интерактивті технология, кәсіби дайындық.

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ПРОГНОСТИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ МАГИСТРАНТОВ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ

Касымбекова Н.С. – кандидат педагогических наук, заместитель директора департамента по академическим вопросам, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.

Бапанова Г.К. – докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.

Дуйсекеева Н. Ж. – доктор PhD, старший преподаватель, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан.

Қасаболат А.Ж.* – PhD, старший преподаватель кафедры дизайна и инженерной графики, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.

Быстрые изменения в обществе требуют от магистрантов образовательной программы «Педагогика и психология» способности адаптироваться к непредвиденным ситуациям, заранее принимать эффективные решения. Поэтому развитие у них прогностической компетентности становится одним из приоритетов в сфере образования. Актуальность данного исследования заключается в необходимости вооружить магистрантов необходимыми навыками и обеспечить их профессиональную адаптацию. Основная цель исследования – определить теоретико-методологические основы развития прогностической компетентности магистрантов. Задачи исследования включают сравнительный анализ отечественных и зарубежных научных исследований и оценку их прикладной эффективности. В ходе исследования в качестве основного материала использовались концепции, связанные с прогностической компетентностью. Методологическую базу составили обзор литературы, применение проектных образовательных технологий и диагностика результатов проведенной экспериментальной работы. С теоретической точки зрения, исследование предлагает методологическое направление по расширению понятия прогностической компетентности. С практической стороны способствует совершенствованию программ подготовки магистрантов, уточнению содержания обучения и эффективной организации образовательных процессов. Результаты исследования могут служить основой для обновления учебного процесса и подготовки будущих специалистов в соответствии с современными требованиями.

Ключевые слова: прогностическая компетентность, магистрант, педагогический проект, рефлексия, интерактивные технологии, профессиональная подготовка.

FEATURES OF THE FORMATION OF PREDICTIVE COMPETENCE OF MASTER'S STUDENTS OF THE PEDAGOGY AND PSYCHOLOGY EDUCATIONAL PROGRAM

Kassymbekova N.S. – Candidate of Pedagogical Sciences, Deputy Director of the Department for academic affairs, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

Bapanova G.K. – Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

Duissekeyeva N.Zh. – PhD, Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan.

Kassabolat A.Zh.* – PhD, Senior Lecturer of the Department of design and engineering graphics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

The rapid changes in society require master's students of the pedagogy and psychology educational program to be able to adapt to unforeseen situations and make effective decisions in advance. Therefore, developing their predictive competence becomes one of the priorities in the field of education. The relevance of this study lies in the need to equip master's students with these skills and ensure their professional adaptation. The main goal of the study is to define the theoretical and methodological foundations for the development of predictive competence among master's students. The objectives of the research include a comparative analysis of domestic and international scientific studies and an evaluation of their applied effectiveness. Throughout the study, conceptual frameworks related to predictive competence were used as the main material. The methodological basis included a literature review, the use of project-based learning technologies, and the diagnostics of experimental work results. From a theoretical perspective, the study offers a methodological direction for expanding the concept of predictive competence. From a practical standpoint, it contributes to the improvement of master's training programs, refinement of educational content, and effective organization of learning processes. The research results may serve as a foundation for modernizing the educational process and preparing future specialists in accordance with contemporary requirements.

Key words: predictive competence, master's student, pedagogical project, reflection, interactive technologies, professional training.

Қысқашы. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі болашақ педагог-психолог мамандардан кәсіби бейімділікпен қатар, үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік және технологиялық ортада әрекет ете алатын болжамдық құзыреттілікті талап етеді. Бұл құзыреттілік мамандардың білім беру үдерісіндегі өзгерістерді алдын ала болжау, білім алушылардың даму бағытын болжау және осы болжамдарға негізделген шешім қабылдау қабілетімен тікелей байланысты.

Әлемдік және отандық ғылымда болжамдық құзыреттілік мәселесі кеңінен зерттелуде. Әсіресе, Liz-Domínguez, Abu Saa, Sayfullina, Valeeva сынды зерттеушілер білім беру жүйесіндегі болжам жасаудың ғылыми негіздерін дамытуға үлес қосуда. Олардың еңбектерінде болжамдық модельдер құру, оқытудың нәтижелерін болжау, тәуекелдерді талдау және деректер негізінде педагогикалық шешімдер қабылдау мәселелері қарастырылады.

Мақаланың өзектілігі магистранттардың кәсіби дайындығы аясында болжамдық құзыреттілікті дамыту қажеттілігімен айқындалады. Білім беру саласындағы жаһандық өзгерістер мен цифрландыру жағдайында болашақ мамандардан тек кәсіби білім ғана емес, сонымен қатар болашақты болжай білу қабілеті, соған сәйкес әрекет ету дағдылары талап етіледі.

Болжамдық құзыреттілік педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді алдын ала көре білу, талдау жасау, мүмкін болатын нәтижелерді бағалау және осы негізде ғылыми негізделген шешім қабылдау қабілеттерінің жиынтығын қамтиды. Мұндай қабілеттер болашақ педагогтың білім беру процесіндегі табысты кәсіби әрекетінің алғышарты болып табылады.

Зерттеудің **мақсаты** – педагогика және психология білім беру бағдарламасы магистранттарының болжамдық құзыреттілігін дамытудың теориялық негіздерін айқындау және оны дамытуға бағытталған педагогикалық шарттар мен әдістемелік тәсілдерді әзірлеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Болжамдық құзыреттілік ұғымының мазмұнын ашу және оның құрылымдық компоненттерін анықтау;

2. Отандық және шетелдік зерттеулерге шолу жасау арқылы болжамдық құзыреттілікті дамытудың тиімді тәсілдерін жүйелеу;

3. Магистранттардың болжамдық құзыреттілігін дамытуда жобалау әдістерінің мүмкіндіктерін талдау;

4. Зерттеу нәтижелерін бағалау және алынған деректер негізінде ұсыныстар жасау.

Зерттеу материалдары және әдістері. Болжамдық құзыреттілікті дамыту мәселесін зерттеген ғалымдардың бірі – М.О. Омарова. Ол аталған құзыреттілікті педагог тұлғасын үздіксіз кәсіби дамуға, қоғамдағы өзгерістерге бейімделуге және табысты қызметке дайындаудың маңызды құралы ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, қазіргі білім беру мақсаттарына қол жеткізу үшін педагогтің шығармашылық қызметті дербес ұйымдастыруға, инновациялық оқытуға бейім болуы қажет. Ол педагогтің кәсіби құзыреттілігін – оның өмір салты мен кәсіби қызметін өзі әрекет ететін ортадағы шынайылықпен үйлестіре алу қабілеті ретінде сипаттайды [1, 3 б.].

К.С. Құдайбергенова педагогтің қандай білімді меңгеруі, неге қабілетті екендігін және қандай сұрақтар бойынша нақты шешім қабылдай алатынын айқындау құзыреттілік көрсеткіші деп есептейді [2, 42 б.].

Г.М.Коджаспирова кәсіби құзыреттілікті әдіснамалық, арнайы және психологиялық-педагогикалық дайындықтың бірлігі ретінде қарастырады. Оның айтуынша, әдістеме – бұл тек дайын жауаптардың жиынтығы емес, керісінше, педагогикалық шындықты және ғылыми танымды жүйелі түрде меңгеруге мүмкіндік беретін құрал. Білім тек теориялық негізде емес, нақты педагогикалық міндеттермен байланыста болғанда ғана педагогтің кәсіби қызметінде тиімді қолданылады. Бұл кәсіби құзыреттіліктің негізін құрап, педагогке өз қызметін жоғары ғылыми-педагогикалық деңгейде ұйымдастыруға, кәсіби шешімдер қабылдауға, білімін толықтырып отыруға мүмкіндік береді [3, 170 б.].

М. Liz-Domínguez зерттеулерінде болжамдық іс-әрекет болашақ оқиғаларды болжау мүмкіндігі кейбір қосымшалардың дұрыс жұмыс істеуі үшін қажет. Білім берудегі болжаушылар белгілі бір курсқа, білім беру бағдарламасына немесе жалпы дәрежеге бағытталуы мүмкін. Қалай болғанда да, болжау мақсаттарының екі негізгі түрін ажыратуға болады: студенттің қорытынды бағасы немесе студенттің жетістікке жетуі, сәтсіздікке ұшырауы немесе оқудан шығуы. Демек болашақ педагог-психолог сәтсездіктерді де болжай білуі қазіргі кезде маңызды екендігі анықталып отыр [5, 5570 б.].

Ал А. Abu Saa, М. Al-Emran педагогке болжамдық құзырет бұл ашықтықтың жетіспеушілігін екі маңызды аспектіні жүйелі түрде салыстыру арқылы шешу қажет:

- үлгі мен айнымалыларды құрудың әр түрлі тәсілдері және олардың модельдің дәлдігіне қалай әсер ететіндігі

- көптеген институционалдық зерттеушілер білетін әдістерден бастап модельдеудің күрделі әдістеріне дейінгі болжамды модельдеу тәсілдерін таңдау оқыту, модельдің өнімділігіне және болжамды нәтижелердің тұрақтылығына әсер етеді деп есептейді [6, 568 б.].

N. Sgir A. Adadi, Lakhmer M. Recent болса оқу процесін барлық жағынан жақсарту мақсатында студенттерге қатысты әртүрлі түрлер мен деректер көздеріне негізделген өмірлік маңызды академиялық нәтижелерді болжау үшін машиналық және терең оқыту үлгілерін пайдалана отырып, зерттеулер саны өсті. Бұл оқу аналитикасы мен білім беру деректерін интеллектуалды талдаудағы негізгі тәжірибе ретінде болжамды модельдеудің пайда болуына әкелді деп есептейді [7, 829 б.].

М. Miller мен J. Markovich психологиядағы болжам әр түрлі пәндерге сүйене отырып, деректерді болжамды өңдеу эмоциялар динамикасына жаңа көзқарас ұсынады. Бұл болжамды өңдеудің перспективасы зерттеліп, оның эмоционалды тәжірибені түсінудегі маңыздылығын анықтаған Сонымен қатар, ол кірістердің маңыздылығын көрсететін теориялық синтезді ұсынады [8, 121 б.].

Sayfullina мен Valeeva өз зерттеуінде болашақ педагогтардың болжамдық қабілеттерін дамытуға арналған ғылыми еңбектерге библиометриялық талдау жүргізіп, бұл бағыттың педагогикалық зерттеулерде жеткілікті деңгейде зерттелмегенін атап өтеді. Авторлар Scopus, Web of Science және eLibrary мәліметтер базасына сүйене отырып, 2012–2019 жылдар аралығында жарияланған еңбектерді саралаған. Олар болжамдық құзыреттілікке қатысты бірізді анықтамалар мен жүйеленген әдіснамалық құралдардың жеткіліксіз екенін көрсетіп, педагогикалық тәжірибеде бұл қабілетті дамытуға бағытталған арнайы әдістемелер мен мазмұндық құрылым қажет екенін дәлелдейді.

Бұл зерттеу болжамдық құзыреттіліктің кәсіби даярлықтағы маңыздылығын ғылыми негізде көрсетіп қана қоймай, оны дамытудың бағыттары мен тетіктерін анықтауға талпыныс жасайды. Мақалада келтірілген тұжырымдар мен ұсыныстар педагог-психолог мамандарды даярлауда болжамдық іс-әрекетті енгізудің маңызын ашып, осы бағыттағы сіздің зерттеу жұмысыңызға теориялық және әдіснамалық негіз бола алады [9, 456.].

Соңғы жылдары білім беру саласында болжамдық құзыреттілікті дамытуға бағытталған зерттеулер айтарлықтай белсенділік танытуда. Бұл бағытта жүргізілген ғылыми жұмыстар заманауи педагогикалық тәжірибеге аналитикалық және цифрлық технологияларды тиімді енгізуге негіз болады. Мәселен, Aljohani мен Davis (2023) машиналық оқыту үлгілері (мысалы, Decision Trees, Neural Networks) арқылы студенттердің оқу жетістіктерін болжау механизмдерін жүйелеп, болжамдық модельдерді педагогикалық процесте қолдану жолдарын нақтылайды [9]. Бұл зерттеу болашақ педагог-психологтардың академиялық нәтижелерін алдын ала болжауға мүмкіндік беретін заманауи тәсілдерді меңгеруге ықпал етеді [11].

Сонымен қатар, Batz және әріптестері (2025) цифрлық құзыреттілікті бағалау негізінде жасалған болжамдық модельдерді ұсынып, мұғалімдер мен студенттердің оқу ортасындағы цифрлық әрекеттерін талдау арқылы олардың даму траекторияларын айқындайды [10]. Бұл зерттеу педагогикалық болжам жасау мүмкіндігін кәсіби және технологиялық құзыреттермен байланыстырып, магистранттар үшін өзекті үлгі бола алады [12].

Romero мен Ventura (2022) 10 жыл көлемінде жүргізілген оқыту аналитикасы бойынша 100-ден астам зерттеулерді саралап, болжамды оқу үлгілерінің даму тенденцияларын көрсеткен [13]. Олардың жұмысы педагогикалық болжамдық әрекетті білім беру жүйесіне енгізудің ғылыми негіздемесін қалыптастырады. Сондай-ақ, Santos пен Fernández (2022) жоғары оқу орындарында оқу нәтижелерін бол-

жамдау арқылы болашақ кәсіби дағдыларды дамытуға арналған оқу аналитикасының тиімділігін айқындап, жобалық оқыту әдістерін тәжірибеде қалай қолдануға болатынын көрсеткен [14].

Нәтиже және талқылау. Осы зерттеулердің барлығы біздің мақалаңызда сипатталған магистранттардың болжамдық құзыреттілігін дамыту мәселесін теориялық және әдістемелік тұрғыдан тереңірек негіздеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл еңбектер мақалада ұсынылған оқу жобаларын жүзеге асырудың ғылыми жаңашылдығын дәлелдейді. Жоғарыдағы зерттеулерді талдай келе «кәсіби құзыреттілік» пен «педагогикалық болжам» түсінігінің синоним ұғымдар екендігін айқындадық. Талдау нәтижесінде 1-кестедегі анықтамаларды айқындадық.

1 кесте – «Болжамдық құзыреттілік» ұғымының анықтамалары:

Автор	Анықтама
Г.М. Коджаспирова	Құзыреттілік – бұл педагогтің әдістемелік, арнайы және психологиялық-педагогикалық дайындықтарының бірлігі, білімді нақты жағдайға бейімдеп қолдана білу қабілеті.
Д.К. Садирбекова	Құзыреттілік – бұл білім беру мазмұны аясында басқарушылық қабілетті қалыптастыру, болашақ педагог әрекетінің кәсіби тиімділігін арттыру құралы.
M. Liz-Domínguez және т.б.	Болжамдық әрекет – студенттердің жетістігі немесе сәтсіздігі сияқты нәтижелерді болжауға бағытталған аналитикалық іс-әрекет.
A. Abu Saa, M. Al-Emran	Болжамдық құзыреттілік – бұл оқу үлгілерін дәл болжау мақсатында айнымалылар мен модельдер арасындағы байланысты тиімді қолдана білу қабілеті.
N. Sgir, A. Adadi	Болжамдық әрекет – оқу процесін жақсарту мақсатында студенттердің болашақ академиялық нәтижелерін деректерге негізделіп болжау әрекеті.
M. Miller, J. Markovich	Психологиядағы болжам – эмоция мен когницияның өзара әрекеттестігін болжауға негізделген мидың когнитивті әрекеті.
N.A. Sayfullina, R.A. Valeeva	Болжамдық құзыреттілік – бұл болашақ педагогтің кәсіби дайындық барысында қалыптасатын кешенді қабілеті.
Aljohani & Davis	Болжамдық модельдер арқылы оқу нәтижелерін талдау – болашақ маманның нақты стратегиялармен жұмыс істеу құзыретін дамытады.
Batz, Smith & Nguyen	Цифрлық құзыреттілікті болжау – болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуына бағытталған стратегиялық құрал.
Romero & Ventura	Болжамдық оқу аналитикасы – оқытудың тиімділігін арттыратын басты әдіс.
Santos & Fernández	Болжам жасау – болашақ кәсіби дағдыларды дамытуда оқу аналитикасының практикалық рөлі.

Отандық және шет елдік талдауларды қолдана келе болжамдық іс-әрекетке кәсіби оқыту мазмұнының құрамдас бөліктерін меңгеруге қойылатын талаптарды анықтайтын кәсіби құзыреттілік деп тұжырымдаймыз. Зерттелетін тұжырымдаманы талдау нәтижелерін ескере отырып, біз болжамдық құзыреттілікті жеке тұлғаның интегративті динамикалық сипаттамасы ретінде анықтаймыз, бұл болжамдық білім мен дағдылардың жиынтығын, болжамдық іс-әрекет тәжірибесін және оған мотивациялық-құндылық қатынасына бағдарлануды, сондай-ақ рефлексивті-бағалау әрекеттерін көрсетеді, кәсіби және жеке салаларда әзірлеуге және іске асыруға мүмкіндік береді.

Болжамды құзыреттілікті дамыту бұл кез-келген құбылыс дамуының нақты перспективаларын арнайы ғылыми зерттеу, жоспарлаумен, бағдарламалаумен және басқарумен байланысты ғылыми болжамды нақтылау формаларының бірі.

«Мұғалім» кәсіби стандартына енгізілген жалпыланған еңбек функцияларында беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін болжамдық және жүзеге асыру бойынша педагогикалық қызмет екендігін айқындай отырып, негізгі жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру мен жүзеге асырудағы педагогикалық іс-әрекеттің құрамдас бөлігі ретінде айқындайды. [9]

Осыған орай педагогика және психология білім беру бағдарламасында оқитын магистранттардың болжамды құзыреттілігін дамытуды тәжірибе барысында анықталды.

Отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектерін талдай отырып болжамды құзыреттілікті дамытатын әдістерін талдап алдық:



1 Сурет – Болжамды құзыреттілікті дамыту әдістері

1-суретте аталған технологиялар мен әдістердің ішінен тиімдісі жобалау әдістері болды. Оны біз "Жоғары мектеп педагогикасы" курсы арқылы оқу кезінде магистранттардың болжамдық құзыреттілігін дамыту процесінде қарастырдық. "Педагогтың болжамдық құзыреттілігі" модулі шеңберінде (1-курс, 2-семестр) магистранттар теориялық материалды игереді, сондай-ақ тәжірибеге бағдарланған жобаларды іске асырады. Магистранттар теорияны түсіну және білімді жаңа жағдайда қолдану бойынша тапсырмалар орындалды.

Магистранттардың «Болжамдық құзыреттілігін» дамыту көрсетілген кезең бойынша жүргізілді.

1. Жоба алды кезеңі (диагностика, проблематизация, концептуализация, мақсат қою, құндылық-мағыналық өзін-өзі анықтау, пішімдеу)

2. Жобаны іске асыру кезеңі (жоспарлау, қадамдап орындау, әрекеттерді түзету, кері байланыс, өнімді алу жоба, жобаның презентациясы)

3. Рефлексиялық кезең (бірлескен қызметті бағалау, өзін-өзі бағалау, алынған өнімді жобаны бағалау, жобадан кейінгі кезең, жобаның перспективаларын анықтау)

Жоба алды кезеңінде магистранттар педагогикалық жобалардың түрлеріне қатысты: (оқу, бос уақыт, кәсіби даярлық жүйесіндегі жобалар, әлеуметтік-педагогикалық, тұлғалық қалыптасу жобалары, желілік, халықаралық) тақырыбы бойынша әдебиетті талдау, жобаның бір түрі бойынша жиынтық кестені толтырып және өз идеясын ұсыну тапсырмасы берілді.

2 Кесте – Жоба алды кезеңінің тапсырманы орындау кестесі

Жоба түрі	Тұжырымдама, маңызды сипаттама	Ұйымдастыру ерекшеліктері	Жобалардың мысалдары
-----------	--------------------------------	---------------------------	----------------------

2-кестеге сәйкес практикалық сабақтарда жеке және топтық жобаларды «Болжамдық құзыреттілік» бойынша қосымша жұмыстар ұйымдастырылды. Магистранттарға жоба қызметінің логикасын ескере отырып, жобаны сипаттауға бағытталған тапсырмалар кешені ұсынылды. Болжамдық іс-әрекетті дамыту бойынша ұйымдастыру келесі кезеңдерді жүзеге асыруды көздеді.

Зерттеу, жағдайды диагностикалау, проблематизация, тұжырымдамалау, жоба форматын таңдау кезеңдерін қамтыды. Олардың егжей-тегжейлі сипаттамасына тоқталайық. Жағдайды диагностикалау жобаның негізгі идеясын анықтауды көздеді. Болжамдық қызмет жобаның негізгі идеясынан басталады. Магистранттар жоба алды зерттеу кезеңінде белгілі бір салаға немесе оқу курсына қызығушылық танытып, әлеуметтік-педагогикалық нысандарды мақсатты зерттеумен айналысты. Олар нақты педагогикалық жағдайды диагностикалап, мәселелерді, даму үрдістерін және шешу жолдарын анықтады. Зерттеу барысында сұхбат, сауалнама, тестілеу сияқты диагностикалық әдістер қолданылды. Сонымен қатар, магистранттар жоба тақырыбын талқылап, оның өзектілігі, мақсат-міндеттері мен нәтижелерін нақтылады. Проблеманы айқындау және шешу үшін интерактивті әдістер – миға шабуыл, кубизм, есептер пирамидасы сияқты тәсілдер пайдаланылды.

Бұл жағдайда интерактивті әдістер қолданылды: миға шабуыл, «кубизм», есептер пирамидасын құру және т.б. Олар мәлімдемелерді (пікірлер, пайымдаулар) және олардың рейтингісін мағыналы және мағыналық «сұрыптауды» ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Магистранттар болжамдық іс-шаралар барысында шешілуі тиіс проблемаларды анықтап, олардың маңыздылығына қарай саралады. Одан кейінгі кезеңде жоба тұжырымдамасы құрылып, ол объектіні немесе процесті түсіндірудің белгілі бір тәсілін сипаттады. Тұжырымдама жобаның мақсаты, принциптері мен әдістері жөнінде нақты ақпарат беріп, жоба тақырыбын айқындауға мүмкіндік жасады. Тақырыптар ғылыми, публицистикалық немесе ұран түрінде әртүрлі стильде тұжырымдалды. Болжамдық қызметтің нақты мақсаттары мен міндеттері белгіленіп, оларды «мақсат ағашы» түрінде ұсыну тапсырылды. Принциптер жүйелі жұмыс істеу мен ережелерге сәйкес әрекет етудің негізі ретінде қа-

растырылды. Жобалардың күтілетін нәтижелері ретінде әмбебап оқу әрекеті мен негізгі құзыреттер (рефлексия, басқару, коммуникация) анықталды. Сонымен қатар, білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту (шығармашылық, эстетикалық талғам, экологиялық мәдениет) көзделді. Кейін магистранттар жоба форматын – кеңістіктік, уақытша, тақырыптық және әлеуметтік параметрлер бойынша таңдады. Жобаның түрі мен қатысушылардың рөлі де нақты айқындалды.

2. Жобаны іске асыру кезеңінде нақты жоспарлау мен стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді көзделді, бұл үдеріс динамикалық болжам арқылы жүйелі жүзеге асырылды. Қатысушылар үшін жобаны орындауға арналған нұсқаулықтар (буклет, ақыл картасы т.б.) дайындалып, ықтимал тәуекелдер мен оларды шешу жолдарын ұсыну қажеттілігі талап етілді. Жобаның тиімділігі үшін кері байланыс жүйесі енгізіліп, аралық нәтижелер алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағаланды. Магистранттар кері байланыс пен аралық бағалау үдерісін сипаттап, оның жобалық қызметтегі рөлін түсінді. Маңызды сәт – жобаны көпшілікке таныстыру, бұл қатысушылардың шығармашылығын, тәжірибесін және қарым-қатынасын көрсететін әлеуметтік мәні бар шара болды.

3. Рефлексиялық кезең Рефлексиялық кезеңде магистранттар өз іс-әрекетін жобадағы қарым-қатынас жүйесін талдады. Жобаның қорытынды бағасы алынған нәтижелердің бастапқы жоспарға сәйкестігін анықтауға мүмкіндік берді. Рефлексия мазмұнына жобадағы жеке рөл, жетістік, өзара әрекеттестік және жоба өнімін бағалау кірді. Магистранттар рефлексияны жүзеге асыру үшін түрлі тәсілдерді қолданды: өзін-өзі бағалау, топ ішіндегі өзара әрекет пен өнім сапасын саралау. Жобадан кейінгі кезең болашақ әрекеттерді айқындауды мақсат етті. Бұл кезеңде жаңа жобаға көшу, басқа жобалармен біріктіру немесе жинақталған тәжірибені басқа мамандарға тарату ұсынылды.

Магистранттардың болжамдық құзыреттілік деңгейін анықтау үшін Н.А. Сайфулина мен Р.А. Валеева ұсынған әдістемелік тәсілдер негізінде арнайы диагностикалық құралдар қолданылды [15]. Аталған әдістеме болжау қабілетінің құрылымдық компоненттерін кешенді бағалауға бағытталған. Диагностикалық құрал 100 балдық шкалаға негізделген, мұнда әрбір компонент 25 балмен бағаланады. Баллдар келесі критерийлерге сәйкес жіктелді:

Жоғары деңгей (85–100 балл) – педагогикалық жағдаяттарды дәл талдай алады, болашақ нәтижелерді нақты болжайды, шешімдері логикалық негізделген, және әрекеттерін терең рефлексиялайды.

Орташа деңгей (60–84 балл) – жағдайды жеткілікті түрде талдай алады, болжамдар мен шешімдерінде кейбір дәлсіздіктер бар, бірақ жалпы кәсіби бағыт сақталған, рефлексиясы беткей сипатта.

Төмен деңгей (0–59 балл) – педагогикалық жағдайларды талдауда қиындық көреді, болжамдары нақты емес, шешімдері негізсіз, рефлексиялық ойлау қалыптаспаған.

Зерттеу екі топта (бақылау және эксперименттік) жүргізілді, әр топта 20 магистранттан. Әдістер ретінде жобалық тапсырмалар, ситуациялық жаттығулар, топтық дискуссиялар және рефлексивтік эсселер қолданылды. Бұл әдістер Сайфулина мен Валеева сипаттаған диагностикалық құрылыммен сәйкестендіріліп, әрбір магистранттың болжамдық қабілетін нақты және объективті бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында болжамдық құзыреттілікті дамытуға бағытталған арнайы педагогикалық шарттар енгізілді. Бұл кезеңде жобалық тапсырмалар, ситуациялық жағдаяттарды болжауға арналған практикалық жаттығулар, топтық дискуссиялар мен рефлексивтік эсселер орындалды. Сонымен қатар, магистранттар педагогикалық шешім қабылдау барысында болжау қабілеттерін пайдалану арқылы нақты педагогикалық жағдайларға қатысты шешімдер ұсынды.

Эксперименттік жұмыстың соңғы сатысы – рефлексиялық кезеңде магистранттардың болжамдық құзыреттілік деңгейін бағалау мақсатында қайта диагностикалық тексеріс жүргізілді. Бұл тексеріс айқындаушы және қалыптастырушы кезеңдерде қолданылған әдістемелік құралдарға сүйеніп жүзеге асырылды. Жинақталған мәліметтерді талдау барысында магистранттар құзыреттілігінің дамуында айтарлықтай сапалық өзгерістер байқалды.


Қорытынды. Жобаның нәтижелері бойынша магистранттардың болжамдық құзыреттілігінің даму деңгейіне қайта диагностика жүргізілді. Болашақ педагог-психологтар арасында болжамдық құзыреттілігін дамыту көрсеткіштері бақылау тобында (БТ) – 20 адам және эксперименттік топта (ЭТ) – 20 адам 3-кестеде ұсынылған бағалау критерийлері бойынша бағаланды. Алынған нәтижелер 4-кестеде берілген.

3 кесте – Магистранттардың болжамдық құзыреттілік деңгейлерінің динамикасы

Жұмыс кезеңі	Топ	Төмен деңгей (%)	Орта деңгей (%)	Жоғары деңгей (%)
Анықтаушы эксперимент	Бақылау тобы	85	15	–
	Эксперименттік топ	82,5	17,5	–
Бақылаушы эксперимент	Бақылау тобы	57,5	30	12,5
	Эксперименттік топ	30	40	30

Жоғарыдағы кестеден тәжірибелік топтағы болжамдық құзыреттілігін дамыту көрсеткіштерінің динамикасы біз қолданатын әдістеменің тиімділігін дәлелдейтінін көруге болады. Деңгейлік нәтижелер әрі қарай бақыланады: 1-курста теориялық пәндерді оқып, оқыту әдістемесі бойынша курстық жобаны

жазып (оқу профиліне сәйкес) және педагогикалық практиканы аяқтағаннан кейін, 2-курста – элективті пәндерді оқып- үйренгеннен кейін. Осы мақалада ұсынылған жобаны іске асыру білім беру үдерісіне қатысушыларға (магистранттар мен мұғалімдер) болжамдық қызметке қатысты шешімдер қабылдау кезінде алған білімдерін қолдануға және болжамдық іс-шараларды жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдерді бағалауға мүмкіндік берді.



2 Сурет – Магистранттардың болжамдық құзыреттілігін дамыту көрсеткіштерінің динамикасы

Эксперименттік зерттеу нәтижелері магистранттардың болжамдық құзыреттілік деңгейлерінде елеулі сапалық өзгерістердің орын алғанын көрсетті. Атап айтқанда, жоғары деңгейдегі көрсеткіш 0%-дан 30%-ға дейін өсті, орташа деңгей – 17,5%-дан 40%-ға дейін артты, ал төмен деңгейдегі үлес 82,5%-дан 30%-ға дейін қысқарды. Мұндай оң динамика кәсіби даярлық барысындағы арнайы педагогикалық шарттардың мақсатты түрде енгізілуінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында қолданылған әдістемелік кешеннің құрылымы төрт негізгі компонентке негізделді.

Біріншіден, жобалық тапсырмалар практикалық жағдайларды жедел талдау, болжау жасау және нақты педагогикалық шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Бұл әдіс магистранттардың логикалық және рефлексивтік ойлау қабілеттерін жетілдіріп, олардың жоғары деңгейге өтуін қамтамасыз етті.

Екіншіден, ситуациялық жаттығулар нақты педагогикалық сценарийлерге негізделіп құрылып, студенттердің болжам жасау және шешім қабылдау дағдыларын дамытты. Олар магистранттарды күрделі педагогикалық жағдайларда ақпаратқа сүйене отырып, дәлелді және негізделген шешімдер қабылдауға бейімдеді. Нәтижесінде, орташа деңгейдегі қатысушылардың үлесі едәуір артты.

Үшіншіден, топтық дискуссиялар мен пікірталастар магистранттар арасында болжау дәлдігін және жауапкершілік сезімін нығайтты. Осындай топтық жұмыс формалары өзара бағалау мен салыстырмалы талдауға негізделіп, оқу үдерісінде белсенді қатысуды ынталандырды.

Төртіншіден, рефлексивтік эсселер арқылы магистранттар өз әрекеттерін, күшті және әлсіз тұстарын жүйелі түрде саралап, теориялық білімдерін практикалық тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік алды. Бұл тәсіл әсіресе төмен деңгейдегі көрсеткіштің күрт төмендеуіне себеп болды.

Осы өзгерістердің ғылыми негізі ретінде Н.А.Сайфулина мен Р.А. Валеева әзірлеген әдістемелік тәсілдер пайдаланылды. Бұл әдістеме болжамдық құзыреттіліктің құрылымдық компоненттері – талдау, бағалау, болжау және рефлексия – бойынша кешенді бағалауға мүмкіндік береді [15, 140–149 б.]. Сонымен, алынған нәтижелер көрсеткендей, қолданылған педагогикалық әдістер болжамдық құзыреттілікті тиімді дамытуда ғылыми негізделген әрі тәжірибеде қолдануға жарамды екендігін дәлелдейді.

Бұл зерттеудің маңыздылығын оның нәтижелерінің көпқырлылығынан да көреміз, өйткені олар әртүрлі пәндер бойынша магистранттардың әмбебап, жалпы кәсіптік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында оқу тапсырмалары мен олардың жүйелерін құрастыруда қолдануға болады. Мақалада магистранттарды болжамдық іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындаудың кейбір жолдары ғана көрсетілгендігін айта кетуіміз керек. Қарастырылып отырған мәселе білім мен ғылымды интеграциялау мәселелерінің тұтас кешенін қамтиды, оларды зерттеудің одан әрі перспективасы ретінде қарастыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Омарова М.О. Педагогические условия формирования проектной компетентности магистрантов педагогического образования [Текст]: автореф. дис. ... канд. пед. наук / М.О.Омарова. – Махачкала, 2018. – 57 с.
2. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері [Мәтін]: пед. ғыл. док. ... дис. / К.С. Құдайбергенова. – Алматы, 2010. – 336 б.
3. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь [Текст]: для студентов высш. и сред. пед. учеб. Заведений / Г.М. Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров. – М.: Изд. центр «Академия», 2020. – 176 с.
4. Садирбекова Д.К. Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін дамыту [Мәтін]: дис. ... филос. д-р (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін / Д.К. Садирбекова. – Алматы, 2018. – 150 б.
5. Liz-Domínguez M., Barrios A., Salinas I., González S. A systematic review of the literature on predictive analysis tools in higher education [Text] / M. Liz-Domínguez, A. Barrios, I. Salinas, S. González // *Applied Sciences*. – 2020. – Vol. 9, no. 24. – P. 5569. – doi:10.3390/app9245569.
6. Abu Saa A., Al-Emran M., Shaalan K. Factors influencing student academic performance in higher education institutions: a systematic review of data mining methods [Text] / A. Abu Saa, M. Al-Emran, K. Shaalan // *Technologies, Knowledge and Learning*. – 2021. – Vol. 24, no. 4. – P. 567–598. – doi:10.1007/s10758-019-09435-7.
7. Sgir N., Adadi A., Lakhmer M. Recent achievements in predictive analytics of learning: a systematic review over a decade (2012–2022) [Text] / N.Sgir, A.Adadi, M. Lakhmer // *Education and Information Technologies*. – 2023. – Vol. 28, no. 7. – P. 8299–8333. – doi:10.1007/s10639-023-11719-2.
8. Miller M., Markovich J. Interoceptive inference: Emotion–Cognition Interactions in the Predictive Brain [Text] / M.Miller, J. Markovich // In: Curado M., Gouveia S.S. (eds.) *Predictive Minds: Old Problems and New Challenges*. – Wilmington, DE: Vernon Press, 2023. – P. 121–140.
9. Sayfullina N.A., Valeeva R.A. Predictive competence of future educators: a review of the current state of the problem [Text] / N.A.Sayfullina, R.A. Valeeva // *Education and Self Development*. – 2019. – Vol. 14, no. 3. – P. 140–149. – doi:10.26907/esd14.3.13.
10. Калкеева К.Р., Калимжанова Р.Л. Трансфер научных знаний [Текст]: учеб. Пособие / К.Р.Калкеева, Р.Л.Калимжанова. – Аркалык: Гос. пед. ин-т им. И. Алтынсарина, 2020. – 171 с.
11. Aljohani N.R., Davis H.C. Predictive models for educational purposes: a systematic review [Text] N.R. Aljohani, H.C. Davis // *Education and Information Technologies*. – 2023. – Vol. 28, no. 12. – Article 187. – doi:10.1007/s10639-023-12378-9.
12. Batz D., Smith J., Nguyen T. Predictive insights into digital competencies: a data-driven approach [Text] D.Batz, J. Smith, T. Nguyen // *Journal of Digital Learning in Teacher Education*. – 2025. – Advance online publication. – doi:10.1080/21532974.2025.2491344.
13. Romero C., Ventura S. Recent advances in predictive learning analytics: A decade review [Text] / C.Romero, S. Ventura // *Education and Information Technologies*. – 2022. – Vol. 27. – P. 3593–3621. – doi:10.1007/s10639-022-11536-0.
14. Santos M., Fernández B. Learning analytics to develop future competences in higher education [Text] / M. Santos, B. Fernández // *International Journal of Educational Technology in Higher Education*. – 2022. – Vol. 19. – Article 18. – doi:10.1186/s41239-022-00318-w.
15. Sayfullina N.A., Valeeva R.A. Predictive competence of future educators: a review of the current state of the problem [Text] / N.A Sayfullina, R.A. Valeeva // *Education and Self Development*, 2019, 14(3):140–149. doi:10.26907/esd14.3.13.

REFERENCES:

1. Omarova M.O. Pedagogicheskie usloviya formirovaniya proektnoj kompetentnosti magistrantov pedagogicheskogo obrazovaniya [Pedagogical conditions for the formation of project competence of master students of pedagogical education]. Makhachkala, 2018, 57 p. (In Russian)
2. Kudajbergeneva K.S. Kuzirlylyktyñ pedagogikalyk kategoriyasy retinde damuydyn teoriyalık-adistnamalyk negizderi [Theoretical and methodological foundations of the development of competence as a pedagogical category]. Almaty, 2010, 336 p. (In Kazakh)
3. Kodzhaspirova G.M., Kodzhaspirov A.Yu. Pedagogicheskij slovar [Pedagogical dictionary]. Moscow, Akademiya, 2020, 176 p. (In Russian)
4. Sadirbekova D.K. Bolashak pedagogtardyn baskarushylyk kuzyrettiligin damytu [Development of managerial competence of future teachers]. PhD thesis, Almaty, 2018, 150 p. (In Kazakh)
5. Liz-Domínguez M., Ordóñez-Varela J.F., Rojas-Lamas J.A. A systematic review of the literature on predictive analysis tools in higher education. *Applied Sciences*, 2020, vol. 9, no. 24, art. 5569. <https://doi.org/10.3390/app9245569>.

6. Abu Saa A., Al-Emran M., Shaalan K. Factors influencing student academic performance in higher education institutions: A systematic review of data mining methods. *Technology, Knowledge and Learning*, 2021, vol. 24, no. 4, pp. 567–598. <https://doi.org/10.1007/s10758-019-09435-7>.
7. Sgir N., Adadi A., Lakhmer M. Recent achievements in predictive analytics of learning: A systematic review over a decade (2012–2022). *Education and Information Technologies*, 2023, vol. 28, no. 7, pp. 8299–8333. <https://doi.org/10.1007/s10639-023-11719-2>.
8. Miller M., Markovich J. Interoceptive inference: Emotion–Cognition interactions in the predictive brain. In: Curado M., Gouveia S.S. (eds.) *Predictive Minds: Old Problems and New Challenges*. Wilmington, DE: Vernon Press, 2023, pp. 121–140.
9. Sayfullina N.A., Valeeva R.A. Predictive competence of future educators: A review of the current state of the problem. *Education and Self Development*, 2019, vol. 14, no. 3, pp. 140–149. <https://doi.org/10.26907/esd14.3.13>.
10. Kalkeeva K.R., Kalimzhanova R.L. Transfer nauchny'h znanij [Transfer of scientific knowledge]. Arkalyk, Gosudarstvenny'j pedagogicheskij institut im. I. Altynsarina, 2020, 171 p. (In Russian)
11. Aljohani N.R., Davis H.C. Predictive models for educational purposes: A systematic review. *Education and Information Technologies*, 2023, vol. 28, no. 12, art. 187. <https://doi.org/10.1007/s10639-023-12378-9>.
12. Batz D., Smith J., Nguyen T. Predictive insights into digital competencies: A data-driven approach. *Journal of Digital Learning in Teacher Education*, 2025 (Advance online publication). <https://doi.org/10.1080/21532974.2025.2491344>.
13. Romero C., Ventura S. Recent advances in predictive learning analytics: A decade review. *Education and Information Technologies*, 2022, vol. 27, pp. 3593–3621. <https://doi.org/10.1007/s10639-022-11536-0>.
14. Santos M., Fernández B. Learning analytics to develop future competences in higher education. *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 2022, vol. 19, art. 18. <https://doi.org/10.1186/s41239-022-00318-w>.
15. Sayfullina N.A., Valeeva R.A. Predictive competence of future educators: A review of the current state of the problem. *Education and Self Development*, 2019, vol. 14, no. 3, pp. 140–149. <https://doi.org/10.26907/esd14.3.13>.

Авторлар туралы мәліметтер:

Қасымбекова Нуриля Сабеткановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., Қ.Сампаев көш, 2, тел: 87018669848, nsk.81@mail.ru.

Бапанова Гүлжан Қобландықызы – докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., Қ.Сампаев көш, 2, тел: 87023050110, baranova.gulzhan@gmail.com.

Дүйсекеева Нұрғұл Жәлелатдинқызы – PhD, Педагогикалық-психологиялық білім беру және бастауыш оқыту әдістемесі білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, 120000 Қызылорда қ., Ыдрысов тұйығы 4, тел: 87052574416, duisekeevan@gmail.com.

Қасаболат Айгүл Жапарбекқызы* – PhD, дизайн және инженерлік графика кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., Тәуелсіздік көш. 118, тел: 87755293949, kasabolata@gmail.com.

Касымбекова Нуриля Сабеткановна – кандидат педагогических наук, заместитель директора департамента по академическим вопросам, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 010000 г. Астана, ул. К. Сатпаева, 2, тел.: 87018669848, e-mail: nsk.81@mail.ru.

Бапанова Гульжан Кобландыевна – докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 010000 г. Астана, ул. К. Сатпаева, 2, тел.: 87023050110, e-mail: baranova.gulzhan@gmail.com.

Дүйсекеева Нургуль Жалелатдиновна – PhD, старший преподаватель образовательной программы «Педагогика и психология», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, 120000 г. Кызылорда, переулок Ыдрысова, 4, тел.: 87052574416, e-mail: duisekeevan@gmail.com.

Касаболат Айгуль Жапарбековна* – PhD, старший преподаватель кафедры дизайна и инженерной графики, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 010000 г. Астана, ул. Тәуелсіздік, 118, тел.: 87755293949, e-mail: kasabolata@gmail.com.

Kassymbekova Nurilya Sabetkanovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Deputy Director of the Department for Academic Affairs, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, 2 K.Satpayev Str., tel.: +7 701 866 9848, e-mail: nsk.81@mail.ru.

Bapanova Gulzhan Koblandyevna – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, 2 K.Satpayev Str., tel.: +7 702 305 0110, e-mail: bapanova.gulzhan@gmail.com.

Duissekeyeva Nurgul Zhalelatdinovna – PhD, Senior Lecturer of the “Pedagogy and Psychology” educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, 120000, Kyzylorda, 4 Ydryssov alley, tel.: 87052574416, e-mail: duisekeevan@gmail.com.

Kassabolat Aigul Zhaparbekovna* – PhD, Senior Lecturer of the Department of design and engineering graphics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, 118 Tauelsizdik Str., tel.: 87755293949, e-mail: kasabolata@gmail.com.

XFTAP 14.29.01

ӨОЖ 376

<https://doi.org/10.52269/KGTD2532229>

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ АУТИЗМ СПЕКТРІНДЕ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ МАЗМҰНДЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Манжибаева Ж.А.* – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Жиенбаева Н.Б. – психология ғылымдарының докторы, Арнайы педагогика кафедрасының профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада жалпы білім беретін мектеп жағдайында аутизм спектрінің бұзылуы бар бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендірудің мазмұндық-технологиялық көрсеткіштері қарастырылған. Авторлар аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларды сәтті әлеуметтендірудің негізгі аспектілерін, соның ішінде мазмұндық компоненттерді (әлеуметтік дағдылар, коммуникативті дағдылар, бейімделу мінез-құлқы) және технологиялық тәсілдерді (оқытудың жекелендірілген әдістері, көрнекі қолдау, қолданбалы мінез-құлық талдауы, инклюзивті тәжірибелер) жете талдайды. Мақалада сондай-ақ әлеуметтенудің тиімділік критерийлеріне ерекше назар аударылады, мәселен, құрдастарымен өзара әрекеттесу деңгейі, эмоционалды реттеу, Оқу іс-әрекетіндегі тәуелсіздік. Жалпы білім беру ортасында инклюзивті технологияларды енгізу мәселелері мен перспективалары, сондай-ақ тьюторлық сүйемелдеу мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың рөлі қарастырылады. Сонымен бірге мақалада әлеуметтенудің арнайы педагогикалық тәсілдері мен оқыту әдістері негізінде коммуникативтік дағдыларын үйрету мақсатында аутизм спектрі бұзылған бастауыш сынып оқушыларына педагогикалық қолдау көрсету мәселелері зерттелген. Жалпы білім беретін мектепте аутизм спектрі бұзылған бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мәселелері сараланған. Зерттеу аутизм спектрінің бұзылуы бар балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілерге, дефектологтарға, психологтарға және ата-аналарға, сондай-ақ инклюзивті білім беру мамандарына пайдалы болуы мүмкін.

Түйінді сөздер: әлеуметтену, аутизм спектрінің бұзылуы, бастауыш сынып оқушылары, инклюзивті білім беру, адаптивті технологиялар, жалпы білім беретін мектеп.

СОДЕРЖАТЕЛЬНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ СОЦИАЛИЗАЦИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Манжибаева Ж.А.* – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Жиенбаева Н.Б. – доктор психологических наук, профессор кафедры специальной педагогики, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

В статье рассматриваются содержательно-технологические показатели социализации младших школьников с расстройствами аутистического спектра (РАС) в условиях общеобразовательной школы. Авторы анализируют ключевые аспекты успешной интеграции детей с РАС, включая содержательные компоненты (социальные навыки, коммуникативные умения, адаптивное поведение) и технологические подходы (индивидуализированные методы обучения, визуальную